Сол себептен болар ұлттық қолөнердің алатын орны ерекше. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнерінің түрлері өте көп. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрін өмірге алып келген.

Қолөнер шеберлігі табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Сонымен қатар, әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғи ерекшеліктеріне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді.

Қазіргі кезде қолөнер шеберлері ою өрнек элементтеріне, үйдің кіре берісінде, киім сәндеу кезінде, бас киімдер әшекейленгенде оның орындалу техникасында өзіндік ерекшеліктер енгізіп отыр. Мысалы, ою-өрнекпен әшекейленген бұйымда қатырма жапсыру, моншақтармен түрлі-түсті тастармен безендіру және әртүрлі жібек жылтыр жіптерді кеңінен қолданып келеді.

Қорыта айтқанда, көнеден қалыптасып, жүйеленіп келген халықтық, ұлттық өнерді игеру – жасөспірімдерді әсемдікке, еңбек сүйгіштікке, мәдени мұраны қадірлеуге, халқының тарихын білуге, дәстүрді жалғастыруға баулитын тәлім тәрбиесі мол мұраларды болашақ ұрпақ санасын сіңіруді қажеттейді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Болатбаев Қ. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындау процесінде халықтық педагогиканы қолдану. Педагогика ғылымдарының кандидаттық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс материалдары. Алматы. 1995..
2. Өмірбекова. М.Ш. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Алматы кітап. 2014. Білім беруді цифрландыру.
3. Қасиманов С. Қазақ ұлттық өнерінің кейбір түрлерінің өзіндік ерекшеліктері. Алматы. «Қазақстан» - 1993.
4. Күнпейіс Ж.Қ. Сарыбаев Ғ. Қазақ халқының сәндік- қолданбалы өнер тарихын оқытудың өзектілігі. Астана қ. 30 Қараша 2023. Ғылыми көзқарас, идеялар, зерттеулер, инновациялар атты қашықтан өткізілген Республикалық конференция. “ZIAT” Ғылыми - әдістемелік орталығы.
5. Күнпейіс Ж.К. Мектеп оқушыларын ұлттық өнерге баулудың мүмкіндіктері. «Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты III- дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет конференциясының материалдары жинағы. Түркістан - Мәскеу 2016



ӘӨЖ: 18.41.51

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЖЕТІГЕН (ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН  
ЗЕРТТЕЛУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН)**Темір Жансая Тайырқызы**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы  
«Халық музыкасы» факультетінің магистранты  
Алматы, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақала қазақтың көне музыкалық аспабы – жетігеннің даму жолы мен қазіргі қолданысы мәселелеріне негізделген. Бүгінгі күні жетіген аспабы мәдениет пен орындаушылық тәжірибеде өз орнын қалыптастырды. Дегенмен, тарихына байланысты даму жолында кейбір қиындықтарды туындатқан. Соның ішінде, репертуарлық қор – жетіген аспабының бүгінгі таңдағы маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Сонымен қатар, мақалада зерттеу тәжірибесінің нәтижелері, ең алдымен этномузикатанушы Б.Сарыбаевтың (1927-1984) еңбектері, кейіннен жасалған диссертациялық жұмыстар мен Н.Б.Жақыпбектің аспап пен оның репертуарының дамуына қосқан жеке үлесі баяндалады.*

***Тірек сөздер:** жетіген, репертуар, ансамбль, этноаспаптану, музыкалық мәдениет.*

Қазақтың музыкалық аспаптары: домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы, сазсырнай және тағы басқалары – ұлтымыздың аспаптық музыка өнерінің көрсеткішіне айналған халық мұрасы мен байлығы. Әр аспаптың өзіне тән тарихы, жүріп өткен жолдары мен даму кезеңдері бар. Соған сай қазіргі кезде өзіндік орындаушылығы мен репертуарлық қоры, қазақ музыкасы мен халық арасында қалыптастырған орны әр аспапта әртүрлі деңгейде көрініс табады.

Шығу тарихы жөнінде нақты деректер сақталмаған жетіген аспабының арғы тегін туыстас көп ішекті аспаптардың қолданылу уақытымен сәйкес шамалаймыз. Мұндай көп ішекті аспаптар көптеген елдердің музыкалық мәдениетінде ұшырасады және орындаушылық ерекшеліктеріне қарай оларды арфа тектес<sup>1</sup>, цимбала тектес<sup>2</sup>, цитра тектес<sup>3</sup> [1, 9] деп топтарға жіктеп қарастырады. Қазақ халқының көп ішекті аспабы осы топтастыруға сай, цитра тектес аспаптар тобына жатады. Көп ішекті аспаптар даму жолдарына байланысты бір елдерде кемелденген ұлттық аспапқа айналса, ал кейбір елдерде мүлдем ұмыт болып, қайта жаңғыру жолынан өткен. Бірінен құрылысы жағынан, ал келесі бірінен орындаушылық ерекшеліктері жағынан өз аспабымызға ұқсас тұстарын байқауға болады. Мәселен, Хакас халқының чатхан аспабының құлақ күйі жетіген аспабында да бар екендігін және оны теріс бұрау, кварта-квинталық бұрау немесе хакас бұрауы деп те атайтынымызды атап өтсек болады.

Музикатанушы, ғалым Болат Сарыбаевтың XX ғасырдың 60-70 жылдардағы еңбегі – қазақтың халық аспабы жетігеннің қазіргі күнгі деңгейіне жетуінің бастамасы болды. Осы ізденіс еңбектерінің нәтижесінде аспаптың алғашқы түрі жасалынып, кейін реконструкциядан өткізіліп, даму жолына түсті. Қазіргі сәтте жетіген аспабы қазақтың музыкалық аспаптары арасында өзіндік қалыптастырған орны бар. Аспаптың мұндай дәрежеге жетуіне, Болат Сарыбаевтың салып кеткен жолын ұстанып, жасаған жұмыстарын үлгі етіп ары қарай дамуына үлкен үлес қосқан – Жақыпбек Нұргүл Бижанқызы. Шебер Нұрлан Абдрахмановпен бірлесе отырып жетіген аспабының жаңа дамыған түрін жасап

<sup>1</sup> «Арфа тектес аспаптар деп тігінен ұстап орындалатын аспаптарды айтамыз» [1, 9].

<sup>2</sup> «Цимбала тектес аспаптар таяқшамен ұрғылап ойнайтын аспаптар» [1, 9].

<sup>3</sup> «Цитра тектес аспаптар саусақтармен ілін орындалатын аспаптар тобы» [1, 9].



шығарған [2, 5]. Әртүрлі тәжірибе жұмыстарын жүргізіп, өзге түркі халықтарының көп ішекті аспаптарымен салыстыра отырып, жетіген аспабының тиектерінің көлемі, тіпті аспапқа қандай ішектер келетіндігі сынды ізденістерінің нәтижесінде бір жүйеге түскен жетіген аспабын оқу жүйесіне енгізген.



Бүгінгі күнде жетіген аспабы музыкалық мектептер, колледждер және жоғары оқу орындарында арнайы мамандық ретінде оқытылууда. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жетіген аспабының 2010-2011 жылдан бері арнайы мамандық ретінде сыныбы ашылып, 30-дан аса шәкірттерді оқытып, жеке орындаушылықпен ғана шектелмей, ансамбльмен орындауды да жолға қойып, дамытуда. Нұргүл Бижанқызының құрған «Каусар» жетігеншілер ансамблы Республикалық, Халықаралық сайыстарда бағын сынап, жүлделі орындарға ие болып, консерватория қабырғасында және одан тыс, тіпті өзге елдерде болатын іс-шараларда өнерлерін көрсетіп келеді. Сондай-ақ, Нұргүл Бижанқызының бастамасымен ансамбль бір-екі жыл аралығы сайын концерт беруді дәстүрге де айналдырған. Бағдарламада күй, ән орындаумен қатар шетел шығармаларын және заманауи әуендерді ансамбльмен орындап жүр (төменде концерттердің афишасы берілген).





Сонымен қатар, жетіген аспабына арналған еңбектер мен оқулықтар саны да жылдан жылға көбейіп келе жатыр:

<i>Жақыпбек Н.</i> «Жетіген үйрену мектебі». – Алматы, 2011. – 210 б.
<i>Жақыпбек Н.</i> «Жетіген аспабының құрылымы мен ойнап үйрету әдістемесі». – Алматы, 2016. – 184 б.
<i>Картенбаева Қ.</i> «Қазақ халқының жетіген аспабы және оның орындаушылық ерекшеліктері» Алматы, 2014. – 197 б.
<i>Мүсірепова Ж.</i> «Жетігенге арналған хрестоматия» Алматы, 2015. – 204 б.
<i>Дайрабаева А.</i> «Жетігенмен сазды әуен» Алматы, 2021. – 80 б.
<i>Нұрабаева Г.Қ.</i> «Жетігенге арналған хрестоматия» Қызылорда, 2021. – 128 б.

Жетіген аспабына арналған еңбектердің алғашқыларының бірі, аспапты бүгінгі күнгі дәрежесіне жеткізуде тынбай еткен еткен, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға ұстазы – Жақыпбек Нұргүл Бижанқызының «Жетіген үйрену мектебі» оқулығы.

2011 жылы жарық көрген бұл еңбектің бірінші бөлімінде жетіген аспабының даму жолы, аспап түрлері мен олардағы қол қойылымдары, орындау әдіс-тәсілдері сынды әдістемелік негіздер мен екінші бөлімінде жетіген аспабының көне бұраудағы, жаттығуға арналған және хроматикалық бұраудағы түрлеріне арналған күйлер, әндер, шетел шығармаларымен қамтылған.

Репертуар бөліміне Нұргүл Бижанқызы мен шәкірттерінің жетіген аспабына лайықтаған күйлері мен шығармалары енгізілген.

Келесі оқулықтардың авторлары, Қ.Картенбаева, Ж.Мүсірепова, А.Дайрабаева және Г.Нұрабаева – Жақыпбек Нұргүл Бижанқызының әр жылдарда оқып шыққан шәкірттері. Картенбаева Қорланның еңбегінде жетіген аспабының орындаушылық техникалары мен басқа аспаптардағы шығармаларды жетігенге лайықтау әдістемелері берілсе [3], Дайрабаева Айгерімнің еңбегі аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын қазақ әндерінен құрастырылған, ал Мүсірепова Жадыра мен Нұрабаева Дананың хрестоматияларында жетіген аспабына арналған күй, ән, қазақ, орыс, шетел шығармалары, тіпті танымал әуендер үлгілері берілген.



*Н. Жақыпбектің жинақтары (2011, 2016)*

*2021 жылғы басылымдар*



Аспапты зерттеу динамикасы және оның жұмысына (өміріне) қатысты мәселелер магистрлік диссертациялар аясында төмендегі кестеде көрсетілген (ҚҰК-ның магистрлік диссертациялар мұрағатына сүйене отырып жасалған):

№	Автор	Жылы	Тақырыбы
1	Картенбаева Қ.М.	2011	«Жетіген аспабының техникалық мүмкіншіліктері мен орындаушылық ерекшеліктері»
2	Апенова А.	2014	«Жетіген аспабы және оның орындаушылық әдіс-тәсілдерінің даму жолдары»
3	Жақыпбек Н.Б.	2016	«Жетіген аспабының құрылымы мен ойнап үйрету әдістемесі»
4	Елемесова А.Т.	2022	«Е. Үсеновтың шығармашылығындағы жетіген аспабы музыкасының даму жолдары»
5	Ногайбекова Ж.А.	2022	«Қазіргі заман ансамбльдер тәжірибесіндегі жетіген аспабының қолданылу ерекшеліктері»

Бүгінге дейін Қазақ ұлттық консерваториясы қабырғасында жетіген мамандығы бойынша 5 диссертациялық жұмыс қорғалған болса, Қазақ ұлттық өнер университетінде 2 диссертациялық жұмыс қорғалып шыққан.

XX ғасырдың II-жартысынан бастап халқымен қайта қауышқан жетіген аспабының өзіндік саз-сарындары бүгінгі күнге жеткен жоқ. Соның салдарынан әртүрлі аспаптар репертуарынан жетіген аспабында орындауға мазмұны, диапазоны, техникалық және мәнерлеп орындау мүмкіндіктері жететін күй, ән және шығармаларды таңдап, іріктеп, аспапқа лайықтап орындалып жүр.

Соның ішінде домбыра, қобыз, сыбызғы аспаптарының және орыстың ұлттық аспабы гуслидың репертуары жетіген аспабының орындауында жақсы үйлесімін тауып жатады.

Десек те, бұл жерде күй, шығарманы дұрыс таңдай білу өте маңызды. Домбыра аспабының кейбір адуынды, жігерлі күйлерін жетіген аспабында орындай алмаймыз. Себебі, күйдің негізгі ойын жеткізе алмай, мазмұнын жоғалтып алуы секілді мәселелер туындайды.

Ал кейбір халық күйлері мен Шығыс, Алтай, Жетісу өңірлерінің шертпе күйлері жетіген аспабының орындауында әсем үндестік тауып, аспаптың өзіне арналып жазылғандай үйлесіп жатады.

Сондай күйлердің бірі, жетіген аспабына домбыра репертуарынан Нұргүл Бижанқызы лайықтап, енгізген – Жетісу өңірінің өкілі Бестібай күйшінің «Бестібайдың тепеңкөгі» күйі, қазір кеңінен орындалып жүр.

Күйді лайықтауда өз тональдігін, формасын, негізгі әуенін сақтай отырып, әуен бір октава жоғары орындалып, жетіген аспабының мүмкіндігіне қарай аккордтармен байытылған (төменде «Бестібайдың тепеңкөгі» күйінің ноталық үлгілері берілген):



<p>Орташа, ойнақы</p> 	<p>Орташа, ойнақы <span style="float: right;">Бесгібай</span></p> 
<p><i>Домбыра аспабының нотасы [4, 72]</i></p>	<p><i>Жетіген аспабының нотасы [2, 75]</i></p>

Жоғарыда атап өткеніміздей, жетігенде орыстың гусли аспабының шығармаларын орындау жақсы үйлесімін табады. Қазіргі таңда аспаптың орындаушылық тәжірибесінде гуслиге арналған шығармалардың саны жетерлік. Гусли – көп ішектілердің ішіндегі көнеде пайда болған аспаптардың бірі.

Осыған орай, қазіргі сәтте кемелденген аспапқа айналған гуслидың тіпті бірнеше түрлерінің бар екендігінде көреміз. Ішектер саны аспап түрлеріне байланысты әртүрлі. Қазір гусли репертуарын өзімізге лайықтаумен қоса, кейбір орындаушылық әдіс-амалдарды да жетіген аспабының тәжірибесінде пайдаланып жүрміз. Ол аккордпен орындау кезінде қолданылатын әдіс, яғни, қандай да бір дыбыстарды алу үшін, жанындағы қажет емес дыбыстарды сол қолмен басып тұрып, оң қолмен қағыс қағу арқылы керекті дыбыстарды аламыз.

Мақаламызды қорытындылай келе, репертуар мәселесі әр аспап үшін әр уақытта да маңызды, соның ішінде өзіндік репертуары сақталмаған жетіген аспабы үшін қазіргі таңда басты мәселелердің бірі болып отыр.

Аспаптың қолданылуы, оның зерттелу тәжірибесі секілді қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқандығын көре аламыз.

Дегенмен, осы секілді туыстас аспаптардың репертуарлық қорына сүйене отырып, композиторлардың қызығушылығын арттыру мүмкіншіліктері әлі де толық ашылмаған. Жетіген аспабының қазақтың ұлттық аспабы деңгейін ұстап тұруымыз үшін репертуарлық қорын байыту барлық жетігеншілердің ғана емес, қазақ өнеріне жаны аштынын әр адамның міндеті деп айтсақ артық етпейді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жақыпбек Н. Жетіген аспабының құрылымы мен ойнап үйрету әдістемесі. – Алматы, 2016. – 184 б.
2. Жақыпбек Н. Жетіген үйрену мектебі. – Алматы, 2011. – 210 б.
3. Картенбаева Қ. Қазақ халқының жетіген аспабы және оның орындаушылық ерекшеліктері. – Алматы, 2014. – 197 б.
4. Мүптекеев Б, Медеубекұлы С. Жетісудың күйлері. – Алматы, 1998. – 352 б.



UDC 18.41.51

**NATIONAL SONG TRADITION IN THE PIANO CONCERTO BY  
B.YA.BAYAKHUNOV**

**Assylbek Bota Assylbekqyzy**

Master degree of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory  
Almaty, Kazakhstan

***Abstract:** In the article, the features of the Piano Concerto by B.Y. Bayakhunov are presented in connection with the tasks of comparative study of works of the concert genre based on national material of different genesis.*

***Keywords:** concert, score, original source, musical text, folk song, pentatonic, texture, performance.*

The year 2023 is marked by such an important anniversary for the multinational musical culture of Kazakhstan as the 90th anniversary of the birth of the Dungan composer, People's Artist of the Republic of Kazakhstan Bakir Yahianovich Bayakhunov.

At the same time, in direct connection with his work, another anniversary date can be actualized – the 30th anniversary of the Piano Concerto he created (1993). The author's lines from the annotation to the score are noteworthy, emphasizing the fact of active cooperation with the pianist, the current professor of the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy Svetlana Aleksandrovna Massover.

Attention to this work is due to the choice of the topic of the master's thesis – "The Fifth Piano Concerto by N.Mendygaliev in the context of the refraction of national musical traditions", where through the analysis of the musical text, emphasizing the peculiarity of the refraction of national musical traditions, the subsequent comparison with other works of this genre based on a different genesis material, a comprehensive assessment of the degree of novelty of the chosen one will be given the composer of an artistic solution.

The meaning of the future dissertation is seen in the awareness of the priorities and level of modern performing culture, in helping to enrich the repertoire of pianists with a work that combines different traditions both in genre features and in instrumentation. Among the factors that determine its novelty is a comparative analysis with other piano concertos (including those where non-Kazakh musical traditions are implemented).

With this approach, the appeal to the score of the concert of the first professional Dungan composer turns out to be both natural and productive.







"The future composer showed interest in the Dungan culture, ancient and original, as soon as he took up music seriously and for a long time. [...]The composer specially travels to the places of the Dungan settlement, records their tunes, studies the history and culture of the people. In parallel, he gets acquainted with the way of life and sees how the features of the new way of life and traces of "eternal" customs are intertwined in it in a peculiar way» [3, 82; 84].

As a result of research in 2021, the composer published a "Collection of Dungan Folk Songs and Instrumental Tunes" together with the Center for Dungan Studies and Sinology of the B.Jamgerchinov Institute of History, Archeology and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic as a result of many years of work on the collection, recording and notation of the collected material.



The national peculiarities in the concert were emphasized by the use of the songs "Yapanyang" and "Shyar li chin".

The song is the original source	Fragment from the concert by B.Ya. Bayakhunov
<p>Япян-ян (Опиум)</p>	
<p>Шыяр ли чин (Двенадцать месяцев в разлуке с любимым)</p>	

Note that the composer without changes presented these songs in the score.

This circumstance causes certain parallels. In particular, with the last concert in the composer's legacy of N.Mendygaliev (for piano and orchestra of Kazakh folk instruments), the thematic symbol of which is a song that not only retains its popularity, but also brings additional semantic accents to the reinterpretation process.



The song is the original source	Fragment from N. Mendygaliev's concert
<p>Ақ дариға</p> <p>Халық әні</p>	

The commentary given by the composer himself is extremely important for understanding and performing interpretation of the work of B.Ya.Bayakhunov. According to him, the emotional tone of the work, which combines the features of various Eastern musical cultures with a peculiarly refracted jazziness, is "enlightened, shaded by meditative episodes, tense climaxes that emphasize the nodal moments of the composition. The development [...] has a conflict-free, playful character, set by the main part of the sonata form» [2]:

	Intro	Exposition		Development						Recapitulation			Coda
		P.	S.							S.	T.	P.	
Tempo	Andante	-	-	Andante	Moderato	Allegro	Moderato	Piu mosso	-	-	Sostenuto	-	Andante
Numbers	0-4	5-10	11-17	18-19	20-21	22-27	28-30	31-34	35-40	41-42	43	44-47	48-50

Of particular interest is the possible comparison of the features of the reflection in both concerts of the style palette of S.V. Rachmaninov (1873-1943). Let us recall the researchers' point of view on the instrumental music of N.Mendygaliev, which has already been presented in relation to the work of predecessors and contemporaries, in the dynamics of the changes that took place: "The style of S.Rachmaninov, who was an idol for him, left a special imprint ..." [1, 164], comparing it with the words of B.Ya.Bayakhunov about his piano concerto: "Rachmaninoff's Rhapsody on a Theme of Paganini served as a sample of the score" [2].Preliminary conclusions are as follows: In each specific case, the influence of objective and subjective factors is obvious, among which are the nationality of the composer, individuality and vital creative path, the measure of comprehension of national characteristics, the influence of the specifics of the concert as a genre with its presentation (thematism bright, spectacular, memorable) and virtuosity, etc.

In our opinion, it is the 5th piano concerto by N.Mendygaliev that is the most representative for his work, the concert genre in Kazakhstan, solving problems of updating the current repertoire of performers representing national traditions abroad. Studying the score of a concert by a Dungan composer in these coordinates is a matter of the future. But, obviously, it should be given a special place in the process of understanding and evaluating modern compositional practice, performing culture, and enriching the piano repertoire with works that organically and impressively synthesize different traditions.

#### List of references

1. Izmailova L. Bakir Bayakhunov. Composers of the Union Republics. – Moscow: Sovcompositor, 1988. – Pp. 82-100.
2. Bayakhunov B. Concerto for piano and orchestra. – Almaty, 2019. – 64 p.  
<https://www.bayakhunov.ru/%D0%B8%D0%BD%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B5-%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D1%80%D1%82%D1%8B>
3. Nusupova A.S. Nagim Mendygaliyev // Composers of Kazakhstan. Creative Portraits. – Vol. I. – Almaty: “Almaty-Bolashak”, 2012. – Pp.158-186.



ӘӨЖ 18.41.51

**Х.СЕТЕКОВТЫҢ ФОРТЕПИАНОЛЫҚ КОНЦЕРТІНІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҰЛТ  
ҮЛЕСІ****Асылбек Бота Асылбекқызы**Құрманғазы ат. Қазақ Ұлттық Консерваториясының  
Аспаптық орындаушылық факультетінің магистранты  
Алматы, Қазақстан

***Аннотация:** Хабиболла Сетековтың фортепианолық концерті қазақ классикалық музыкасының аса маңызды туындыларының бірі болып табылады. Бұл концерт – ұлттық музыканы еуропалық дәстүрмен органикалық түрде синтездеп, жаңа, ерекше жазылған шығарманың жарқын мысалы.*

*Концерт 1982 жылы, Қазақстанда ұлттық мәдениет белсенді дамып келе жатқан кезеңде жазылған. Осы кезеңде композиторлар музыкалық шығармашылықта ұлттық ерекшеліктерді білдірудің жаңа тәсілдерін табуға тырысты. Бұл шығармада композитор ерекше және мәнерлі әуен шығару үшін дәстүрлі ұйғыр әуендері мен ритмдарын пайдаланады. Концертте дәстүрлі ұйғыр элементтерін қолдану композиторға ұйғыр мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін бейнелейтін шығарма жасауға мүмкіндік береді.*

***Тірексөздер:** Хабибулла Сетеков, фортепианолық концерт, ұйғыр музыкасы, еуропалық музыкалық дәстүрлер, синтез.*

Ұйғыр дәстүрлі музыкасы – бұл бірнеше аспектілерде көрінетін өзіндік ерекшелігі бар ерекше шығармашылық. Біріншіден, ұйғырлардың музыкалық шығармалары олардың тарихи және мәдени мұраларын көрсетеді. Көптеген әуендер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне әндер мен музыкалық формаларға негізделген. Сонымен қатар, ұйғырлар музыкаға ерекше реңк пен жарықтық беретін ерекше ритм схемалары мен пішіндері пайдаланады. Сонымен, ұйғыр музыкасы, ерекше атмосфера мен эмоционалдылықты тудыратын, орындаудың дауыстық стилі ерекше модуляциялар мен микротональды элементтерге ие. Жалпы, ұйғыр дәстүрлі музыкасының ерекшелігі – бұл талантты ұлттың музыкалық дәстүрлерінің, халық музыкасының және өзіндік эстетикалық талғамының ерекше синтезі.

«Ұйғыр музыкалық фольклоры бейнелі және жанрлық байлығымен ерекшеленеді» [3, 18].

Ұйғыр дәстүрлі музыкасында қолданылатын ладтардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Олар еуропалықтан ерекшеленеді және олар басқаша гамма мен құрылымға ие. Жалпы, дәстүрлі музыка ұйғырлардың мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл олардың тарихын, дәстүрлерін көрсетеді және Қытайдың музыкалық мәдениетінің байлығы мен әртүрлілігінің тамаша үлгісі.

«60-шы жылдар – ұйғыр музыкасында концерттік жанры қалыптаса бастайды. Өткен жылдарда Қ.Қожамяров пен оның кіші әріптестері – Ш.Шаймарданова, С.Кибирова, Х.Сетековтың түрлі аспаптар мен симфониялық оркестріне арналған көптеген концерттер жазылды. Алайда мұнда ұйғыр кәсіби музыкасының негізін қалаушының қосқан үлесі аса маңызды» [3, 109].

Қазақстанда кәсіби ұйғыр музыкасының негізін қалаушы композитор – Құддыс Қожамяров.

«Қ.Қожамяровтың шығармашылық жолы ХХ ғасырдың екінші жартысында қол жеткізген Қазақстанның шағын ұлттар мәдениетінің қарқынды өсуі мен өркендеуінің жарқын көрінісі бола алады.




Қ.Қожамиярдың шығармашылығы әрқашан терең өзара еруге, дәстүрлі ұлттық халық музыкасының Еуропалық үлгідегі әлемдік музыкалық мәдениеттің жетістіктерімен байланысына бағдарланған» [2, 117].

Ұйғыр музыкасын зерттеуге, әндері мен шығармаларын қағазға жазып қалдыруға ұмтылған композитор, 400ге жуық фольклорлық үлгілерден құралған жинақ жазып шығарады. Сол жинақтағы үлгілерді көптеген шығармаларына қолданған.

Композитордың шәкірттері де, өз шығармаларына жаңашылдықтар енгізіп, өз ұлттары мен дәстүрлеріне құрметін көрсететіндігін байқауға болады. «Олардың ішінде – Б.Баяхунов, Т.Базарбаев, М.Мангитаев, И.Масимов, И.Исаев, Н.Газизов, Ж.Дастенов, Д.Лившин, А.Луначарский, А.Кушербаев, Б.Қыдырбек, А. Меирбеков, Н.Ахмтов, Х. и А.Сетековтар, А.Жетписбаев, С.Абдинуров және т.б.» [2, 124].

Хабибулла Сетеков Құддыс Қожамиярдың шәкірті болды. Бұл әрдайым ұйғыр және еуропалық музыкалық дәстүрлерді синтездеуге ұмтылған Сетековтың жұмысына үлкен әсер етті.

Х.Сетековтың фортепианолық концерті – музыканың ұлттық ерекшеліктерді қалай көрсете алатынының жарқын мысалдарының бірі.



*Х.Сетековтың фортепиано мен оркестрге арналған концертінің Автографы*

Фортепианолық концерт әртүрлі халықтардың музыкалық стильдерінің өзара әрекеттесуіне арналған алаң ретінде қызмет етеді. Музыка әр түрлі мәдениеттер арасындағы көпірге айналады, түрлі дыбыстарда таңғажайып бірлік жасайды. Бұл өнердің шекарадан өтіп, музыканың ортақ тілі арқылы адамдарды біріктіре алатындығының дәлелі.

«Фортепиано мен оркестрге арналған концерт – классикалық қатынасы бар 3 бөлімді цикл: жылдам – баяу – жылдам. Онда композитор әуеннің ұлттық сипатымен бірігіп, Еуропалық жазу әдістерін көрсеткен. Автор фортепиано партиясының интерпретациясына ерекше назар аударады және еуропалық жанрды және жеке аспаптың академиялық табиғатын таңдағанына қарамастан, ол шынымен халықтық рухқа толы шығарма жасай алады. Бұл шығарма ашықтықпен, әуезді жомарттықпен, интонациялық қол жетімділікпен сипатталған» [1, 323].

Шығарма эмоциялар мен көңіл-күйлерге толы. Жарқын және жігерлі бірінші қозғалыстан әдемі және медитациялық екінші бөлім мен финалдағы соңғы нотаға дейін. Эмоциялардың бұл үйлесімі тыңдаушы мен орындаушы үшін ерекше тәжірибе береді.



«Концерттің бірінші бөлігінің лирикалық орталығы-ұйғыр халық әнін еске түсіретін жеке фортепиано каденциясы. Бұған әуен, мол мелизматика, сондай-ақ әуен біртіндеп өсіп келе жатқан көмекші дауыс дәлел бола алады» [1, 323].

«Композитор өзінің фортепианолық концертінде ұлттық және еуропалық дәстүрлердің, еуропалық жанрдағы ұлттық ойлаудың органикалық синтезін көрсетеді» [1, 326].

Концерттегі ұлттық ерекшеліктерді "Дир Раба" әнін қолдануынан байқай аламыз.

Ән	Концерттегі үзінді

«Дил раба» (Возлюбленная)

Бұл «Рухсар» мұқамының үзіндісінен, жазушы Билал Назимның сөзіне жазылған Захири Алпитаевтың әні. Концерттің екінші бөлімінде оркестр партиясының бастауымен әннің өзгеріссіз қолданылғанын.

Басқа да ұлттық көріністерді келесі үлгіден байқай аламыз:

3 бөлім, фортепиано партиясы (7-16 тт.)




Көрсетілген үзіндіде біз композитор концерттің үшінші бөлімінде дәстүрлі ұйғыр әуендері мен ритмдарын қалай қолданатынын қарастырамыз.

Ұйғыр музыкалық ладын қолдану. Бұл жағдайда бұл ұйғыр музыкасында кең таралған мажорлық лад. Ол шығарманың жалпы атмосферасына сәйкес келетін жарқын, көңілді дыбыспен сипатты.

Ұйғыр ритм ерекшеліктерін қолдану. Шығарманың ритағы синкопаланған 3/4 өлшеміне негізделген, бұл ұйғыр музыкасына тән ритақтардың бірі. Бұл шығармаға ерекше мәнерлілік беретін жылдамдық пен қозғалыс сезімін тудырады.

«Композитор стилінің ұлтшылығы экспозицияның импровизациясында ғана емес, сонымен қатар әуезді және ладо-гармоникалық деңгейлерде, сондай-ақ текстура мен метро ритағының ерекшеліктерінде де кездеседі. Әр түрлі пианистикалық әдістерді қолдана отырып, Х.Сетеков дәстүрлі музыкадан бастау алатын интонациялық саланы байытты. Композитор ұйғыр халықтық-ән әуенінің өзіндік ерекшеліктерін сақтауға тырысады, оның өзіндік тақырыбы стилистикалық жағынан фольклорға жақын: әдеттегі әуезді айналымдар, дыбыстар табиғи-фразалық ерекшеліктермен бірге қолданылған» [1, 324].

Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, көптеген композиторлардың шығармаларынан классикалық пен дәстүрлі музыканың синтезін байқаймыз. Шамамен онжылдық ішінде (1982-1993) пайда болған концерттердің ішінде, келесі композиторлардың шығармаларын салыстыру орынды.

Сурет	ТАӘ	Ұлты	Шығарма атауы	Жазылған жылы	Формасы
	Нагим Мендығалиев 24.05.1921	Қазақ	Пятый фортепианный концерт (для ф-но с оркестром казахских народных инструментов)	1985 (1986)	Бір бөлімді
	Бакир Баяхунов 15.09.1933	Дүнген	Концерт для фортепиано с оркестром	1993	Бір бөлімді
	Хабибулла Сетеков 17.06.1958	Ұйғыр	Концерт для фортепиано с оркестром	1982	Үш бөлімді

Көрсетілген композиторлардың концерттерінде әр түрлі ұлттылықты байқай аламыз. Олар тек қана классикалық шығармаларды жазумен тоқталмай, өз ұлтына деген құрметін сол өнерімен жеткізе білген.

Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, мұндай синтез әртүрлі ұлттардың мәдениеті мен өнерінің дамуындағы маңызды құбылыс деп қорытынды жасай аламыз. Ұлттық және классикалық өнердің синтезі халықтың бірегейлігін классикалық өнердің байлығы мен сұлулығымен үйлестіруге мүмкіндіктердің бірі. Синтез ұлттық өнердің жаңа көкжиегін ашып, оның мүмкіндіктерін кеңейте отырып, Дүниежүзілік және көркем мұраға тереңірек үнілуге жол көрсететіні сөзсіз. Бұл өнердің екі жағын да байытуға ықпал ете отырып, жаңа шығармашылық жетістіктерді құруға және олардың қазіргі әлемде өзектілігін сақтауға негізін қалайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кокишева М.Т. Хабибулла Сетеков / Композиторы Казахстана. Творческие портреты. – Алматы «Алматы-Болашак», 2017. – Т.Ш. – Б.316-335.
2. Хасанова Р., Кирина К. Куддус Кужамьяров / Композиторы Казахстана. Творческие портреты. – Алматы «Алматы-Болашак», 2012. – Т.І. – Б.117-130.
3. Кирина К. Куддус Кужамьяров и уйгурская музыкальная культура. – Алматы: Казахстан, 1994. – 192 б.



УДК 18.41.51

## ИНТЕРВЬЮ С АВСТРИЙСКИМ ОРГАНИСТОМ

**Зеленая Ирина Викторовна**

Магистрант факультета «Инструментальное исполнительство»  
Казахской национальной консерватории им. Курмангазы  
Алматы, Казахстан

***Аннотация:** В предлагаемом интервью с известным австрийским органистом Лукасом Хаслером раскрывается художественное своеобразие «Трех хоралов для большого органа» С.Франка, что характеризует точку зрения современного интерпретатора на конкретное произведение, творчество композитора, французскую органную школу, современное исполнительство, перспективы развития традиций.*

***Ключевые слова:** органная музыка, С.Франк, исполнитель, Лукас Хаслер, хорал, Франция – Австрия.*


Исполнительство на органе – особый мир, где взаимодействуют разные традиции, но внимание к творчеству французских композиторов-органистов неизменно: их произведения включают в репертуар ярчайшие представители ведущих национальных школ.

От исполнителя всегда требуется эмоциональный отклик (резонанс), он помогает раскрыть индивидуальное восприятие текста, автора, эпохи... Молодые исполнители, привносящие, как правило, в свою интерпретацию новый «взгляд» на шедевры органной музыки, находятся в фокусе всеобщего внимания. В связи же с практическим освоением цикла С.Франка «Три хорала для большого органа» и осмыслением впечатляющего многообразия его интерпретаций, «взгляд» музыканта, представляющего австрийскую школу, на наследие французской органной культуры в целом, представляет особый интерес.

Лукас Хаслер изучал органное исполнительство в Австрии, Франции, в настоящий момент – в процессе приобретения докторской степени в Лос-Анжелесе. В активе – произведения С.Франка, Ш.М.Видора, Л.Вьерна, М.Дюпре и др. Обратим внимание на такие факты его творческой биографии, как постижение традиций французской органной школы в Высшей академии музыки в Страсбурге и опыт исполнения сочинений Сезара Франка на исторически важном для композитора инструменте – органе Базилики Святой Клотильды. Интервью получено благодаря отзывчивости музыканта, уделившего время для подробных ответов на поставленные вопросы.



Лукас Хаслер



Орган базилики Sainte – Clotilde



***В чем, по Вашему мнению, особенность французской органной музыки? Повлияла ли она на европейскую органную традицию?***

Особенность французской органной музыки заключается в ее характерных регистрах, орнаментике и акценте на ясности. Французская органная школа, особенно в периоды барокко и романтизма, оказала большое влияние на европейскую органную музыку, воздействуя на стили и техники по всему континенту.

***Какие изменения произошли в этой традиции после эволюции инструментария в XIX-XX вв.?***

Эволюция органов, особенно благодаря инновациям таких мастеров, как Аристид Кавайе-Колль в XIX-XX веках, привела к изменениям в национальной музыке. Эти инструменты имели расширенные возможности, вводя новые регистры и тональные цвета, влияя на композиции и позволяя исследовать более широкую звуковую палитру, подчеркивая оркестровые качества органной музыки.

***Как известно, С.Франк долгое время преподавал в консерватории и более 30 лет служил титулярным органистом базилики Святой Клотильды в Париже. В эти годы были созданы его лучшие сочинения. Считаете ли Вы, что орган базилики Святой Клотильды повлиял на сочинения Франка того периода?***

Тесное общение Франка с базиликой Святой Клотильды предоставило ему непосредственный опыт уникальных возможностей и звуковых характеристик органа. Инструмент, созданный Аристидом Кавайе-Коллем, отличался выразительностью и симфоничностью, которые выделяли его среди других. Франк, будучи титулованным органистом и профессором Парижской консерватории, хорошо разбирался в технических тонкостях и нюансах этого замечательного инструмента.

«Три хорала для большого органа», написанные во время его пребывания в должности, демонстрируют глубокую интеграцию французского симфонического органного стиля. Богатые оркестровые звуки и сложные регистры хоралов отражают исследование Франком уникальных ресурсов, имеющихся в его распоряжении в органе базилики. Широкие возможности инструмента сыграли свою роль в формировании композиции: Франк применял его выразительный потенциал для создания эмоциональных и величественных музыкальных высказываний.

Таким образом, его связь с базиликой Святой Клотильды, как органиста, так и преподавателя, вероятно, повлияла на его подход к органной композиции, способствуя выраженному характеру таких произведений, как «Три хорала для большой органа».

***В чем заключается особенность музыки С.Франка? Чем она отличается от музыки современников?***

Музыка Сезара Франка характеризуется циклической формой, обилием хроматизмов и слиянием традиционных структур с отчетливым «вагнеровским» влиянием. Использование циклической формы и включение повторяющихся темы в нескольких частях, обеспечивает единство его композиций. Гармоничный язык Франка, в том числе и благодаря богатым хроматизмам, способствует интенсивности и эмоциональной глубине его произведений.

По сравнению с его современниками (конец XIX века) музыка Франка выделяется уникальным синтезом немецких и французских элементов. Хотя его гармоничный язык демонстрирует влияние Вагнера, тем не менее общий стиль сохраняет французский характер, сочетая ясность формы, связанную с французскими традициями, с выразительным богатством немецкого романтического стиля. Это своеобразное сочетание выделяет Франка и способствует непреходящей привлекательности его композиций.





***И.Брамс и С.Франк сочиняли хоралы для органа. Каковы сходства и различия между ними?***

И Иоганнес Брамс, и Сезар Франк внесли большой вклад в органную репертуар хоральными композициями, однако их подходы демонстрируют заметные различия.

Сходства:

- ✓ *Богатый гармонический язык.* Оба композитора использовали в своих хоралах богатую гармоническую палитру, создавая глубину и эмоциональный резонанс.
- ✓ *Структурная сложность.* Брамс и Франк создали структурно сложные хоралы, продемонстрировав в них мастерство формы и развития.

Отличия:

- ✓ *Культурное влияние.* Брамс, немецкий композитор, опирался на лютеранскую хоральную традицию, что привело к более контрапунктическому и фугообразному подходу в его органных хоралах. Франк, французский композитор, объединил в своих хоралах элементы григорианского песнопения и романтической выразительности.
- ✓ *Текстура и мелодия.* Брамс часто отдавал предпочтение замысловатым контрапунктическим фактурам и продуманному развитию мотивов. Франк, напротив, склонялся к пышным, мелодичным линиям и симфоническим фактурам, отражающим влияние его французского романтического происхождения.
- ✓ *Выразительность и эмоциональный характер.* Хоралы Франка известны своей эмоциональной глубиной и страстной выразительностью, часто пронизанными чувством драматизма. Брамс, хотя и эмоционален, в своих органных хоралах сохраняет более интроспективный и сдержанный характер.

По сути, хотя и Брамс, и Франк внесли значительный вклад в репертуар органного хорала, у них различные культурные корни и индивидуальные стили.

***С практической точки зрения чем полезны произведения Франка органистам?***

С практической точки зрения органные произведения Сезара Франка предлагают органистам несколько преимуществ:

✓ *Технические задачи.* Композиции Франка дают органистам возможность отточить свои технические навыки. Сложности, связанные с регистровкой, партией педали и фактурой в целом, в таких произведениях, как «Шесть пьес для большого органа» или «Три пьесы для большого органа», влияют на решение проблем, способствующих развитию исполнительского мастерства.

✓ *Выразительная игра.* Музыка Франка известна своей эмоциональной глубиной и выразительностью. Органисты изучают его произведения для исследования и развития своей способности в передаче нюансов эмоций посредством инструмента, улучшая и совершенствуя в процессе свои навыки интерпретации.

✓ *Исследование регистровки.* Франк широко использует регистры органа. Его композиции побуждают органистов экспериментировать с различными регистровыми комбинациями, позволяя им использовать весь спектр звуковых возможностей, предлагаемых инструментом.

✓ *Понимание циклической формы.* Частое использование Франком циклической формы с повторениями темы в разных частях дает органистам представление об этой композиционной технике. Это понимание расширяет и помогает в интерпретации произведений Франка, распространяясь так же и на другой репертуар, в котором используются аналогичные структурные элементы.

✓ *Разнообразие репертуара.* Включение произведений Франка в исполнительский репертуар добавляет разнообразия и глубины программам органистов. Его композиции служат «мостом» между барокко и романтизмом, предлагая исполнителям контрастный стиль и демонстрируя свою универсальность.



*Как вы думаете, в чем связана популярность органных произведений С. Франка в последние годы?*

Непреходящую популярность органных произведений Сезара Франка в последние годы можно объяснить несколькими факторами:

✓ *Выразительная глубина.* Композиции Франка известны своей эмоциональной глубиной и выразительностью. И органисты, и слушатели ценят глубокие и страстные качества, заложенные в его музыке, что создает непреходящую привлекательность.

✓ *Универсальность в программе.* Органные произведения Франка представляют собой универсальный вариант для исполнителей и концертных программ. Они служат «мостом» между романтическим и постромантическим периодами, хорошо вписываются в разнообразные концертные постановки и контрастируют с другим органным репертуаром.

✓ *Сложно и полезно для исполнителей.* Органные композиции Франка содержат в себе сложные технические задачи, которые привлекают опытных органистов, ищущих репертуар, расширяющий их навыки. Успешность освоения и исполнения этих произведений способствует их популярности среди исполнителей.

✓ *Циклическая форма и структура.* Использование циклической формы, в которой темы повторяются в разных вариантах, добавляет композициям Франка интеллектуальное и структурное измерение. Музыканты и ученые проявляют интерес к изучению и интерпретации этих сложных структур.

✓ *Повышенный интерес к органной музыке.* В последние годы усилился интерес к органной музыке, так же растет признание возможностей этого инструмента. Композиции Франка с их особенной гармонией и выразительностью хорошо соответствуют этой тенденции.

✓ *Записи и доступность.* Наличие высококачественных записей и доступность через цифровые платформы позволяют более широкой аудитории открыть для себя и оценить органные произведения Франка. Транслируемые выступления могут достичь мировой аудитории, что способствует их популярности.

По сути, органные произведения Франка по-прежнему пользуются популярностью благодаря их эмоциональному резонансу, технической привлекательности, универсальности в программах и постоянному интересу к органной музыке в музыкальном сообществе.

...Таким сегодня предстает “прошлое – настоящее – будущее” исполнительства в “видении” Лукаса Хаслера: оно, безусловно, будет обогащаться во Времени, по-своему воздействуя на тот спектр, который рождается поверх национальных «границ» в адекватном восприятии классического музыкального наследия и общечеловеческих ценностей.

СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENT

<b>ЛӘЙЛА МАХШАРХАН</b> (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) САЗСЫРНАЙ АСПАБЫНЫҢ АКУСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ .....	3
<b>БИМУРЗА АРАЙЛЫМ МАРАТҚЫЗЫ</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ЦИФРОВИЗАЦИЯ И ЕЕ РОЛЬ В ИСКУССТВЕ .....	6
<b>КАЛИАКБАРОВА ЛЯЙЛЯ ТОКЕНОВНА, КАЛДАЯКОВА АЙСУЛУ АБЫЛКАСЫМОВНА</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ВОСПИТАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ МУЗЫКАНТОВ В ЗАРУБЕЖНЫХ ВУЗАХ ИСКУССТВА .....	9
<b>ЕДЕНБАЕВА МИЙРХАН СУЛТАМУРАТОВНА</b> (НУКУС, КАРАКАЛПАКСТАН) ТРАДИЦИИ ИСПОЛНЕНИЯ МУЗЫКИ Ф.ШОПЕНА .....	13
<b>БОЛАТОВА ЖҰЛДЫЗАЙ БЕРИКҚЫЗЫ, КЕҢЕС НҰРБИЫ ЕРЛАНҚЫЗЫ</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ПРОЕКТИРОВАНИЕ БАЗОВОГО ГАРДЕРОБА НА ЗИМУ 2024 ГОДА ДЛЯ МОЛОДЫХ ДЕВУШЕК .....	16
<b>КУМЫСПАЕВА АЛЬФИЯ ЕРЖАНОВНА, МЫРЗАЛИЕВА АЙНУРА ЕРЛАНҚЫЗЫ</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) АНАЛИЗ МОДНЫХ ЦВЕТОВ 2024 ГОДА .....	21
<b>ТОҚАРОВА ӘМИНА, ТҰРСАТАЙ ҰЛПАН</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) АНАЛИЗ КАПСУЛЬНОГО ГАРДЕРОБА 2024 ГОДА ДЛЯ МОЛОДЫХ ДЕВУШЕК .....	26
<b>ЖУМАНАЗАРОВА АЛИЯ ЕРБОЛАТҚЫЗЫ, ЕРДИНБЕКОВА АЛИЯ БОЛАТОВНА</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ПЛАНИРОВАНИЕ ЭТАПОВ СОСТАВЛЕНИЯ КАПСУЛЬНОГО ГАРДЕРОБА .....	31
<b>ЕРДИНБЕКОВА АЛИЯ БОЛАТОВНА, ЖУМАНАЗАРОВА АЛИЯ ЕРБОЛАТОВНА</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЯ ЕВРОПЕЙСКОГО БРЕНДА “BUGATTI” .....	35
<b>КҮНПЕИІС ЖҰМАХАН ҚАЛПЕЙІСҰЛЫ</b> (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН) .....	38
<b>ТЕМІР ЖАНСАЯ ТАЙЫРҚЫЗЫ</b> (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЖЕТІГЕН (ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН).....	42
<b>ASSYLBEK BOTA ASSYLBEKQYZY</b> (ALMATY, KAZAKHSTAN) NATIONAL SONG TRADITION IN THE PIANO CONCERTO BY V.YA.BAYAKHUNOV .....	47
<b>АСЫЛБЕК БОТА АСЫЛБЕКҚЫЗЫ</b> (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) Х.СЕТЕКОВТЫҢ ФОРТЕПИАНОЛЫҚ КОНЦЕРТІНІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҰЛТ ҮЛЕСІ .....	50
<b>ЗЕЛЕНАЯ ИРИНА ВИКТОРОВНА</b> (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ИНТЕРВЬЮ С АВСТРИЙСКИМ ОРГАНИСТОМ .....	54



Научное издание

**МАТЕРИАЛЫ**  
Международного научно-методического  
журнала  
**«ВЕСТНИК БОБЕК»**

Сборник научных статей  
Ответственный редактор – Е. Абиев  
Технический редактор – Е. Ешим

Подписано в печать 28.02.2024  
Формат 190x270. Бумага офсетная. Печать СР  
Усл. печ. л. 25 п.л. Тираж 10 экз.

